

**Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілді
29.08.2023 ж.
(№1 хаттама)**

**2023-2024 оқу жылының
ректорлық стипендияларды тағайындау ережесі**

1. Осы Ереже Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Басқарма төрағасы – ректорымен белгілеген стипендияларды тағайындау тәртібін айқындайды.
2. Стипендия студенттер мен магистранттардың әлеуметтік, білім беру және ғылыми-зерттеу қызметтерін ынталандыруға бағытталған.
3. Стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша мемлекеттік білім беру гранты негізінде де, ақылы оқу негізде де оқитын, әлеуметтік, білім немесе ғылыми-зерттеу салаларында айтарлықтай жетістіктері бар Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ студенттері мен магистранттарына тағайындалады.
4. Стипендияны тағайындау Ректорлық стипендияларды тағайындау бойынша комиссия шешімі негізінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ ректорының бұйырығымен жүзеге асырылады.
5. Комиссия отырыстары ай сайын өткізіледі, ол жерде үміткерлердің ағымдағы айда орындалған жұмысы туралы есептер қаралады.
6. Стипендия оқу жылында қыркүйек айында айынан маусым айына дейін үміткерлердің әр айда атқарған жұмыстарының нәтижесіне байланысты тағайындалады.
7. Стипендиаттардың жалпы саны - 50.
8. Стипендия мөлшері әрбір стипендиатқа атқарылған жұмыстар көлемі мен сапасына қарай сараланып тағайындалады, бірақ 41 898 теңгеден артық емес.
9. Стипендия бір адамға бірнеше рет тағайындалуы мүмкін.
10. Стипендия беру әр ай сайын Университеттің бюджеттен тыс қаражатынан жүзеге асырылады.